

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже	9 беттің 1-беті
---	---	-----------------

БЕКІТЕМІН

**ОҚМПУ Басқарма төрағасы-
ректоры**

Г.Сугирбаева

«13»

10



2021ж.


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

САПАНЫ ҚАМТАМАССЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚМПУ Е 8.07-2021

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма төрағасының орынбасары- академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі басқарма басшысы		Мельдешева А.С.
Заң қызметінің басшысы		Жаукебаев Ы.К.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Өзірлеген:		
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімінің басшысы		Турлыбекова А.А.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «13» 10 2021ж. «12» 09 2021ж. дейін ұзартылды: « » 20 г.	Енгізілді: № 4/138 бұйрық Енгізілген күні: «13» 10 2021ж.	СМЖ ОҚМПУ Е 8.07-2021 Басылым 1 Тіркеу № 33 Көшірме №
---	--	---

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже	9 беттің 2-беті

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативті сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік пен өкілеттілік	4
6 Процестің сипаттамасы	4
А қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	9

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже		9 беттің 3-беті
---	--	--	-----------------

1 Қолдану саласы

1.1 Осы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі-СҚКЕ) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына және жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің (ОҚМПУ) сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының жиынтығына кіреді.

1.2 Ереже авторлық құқық болып табылады және оны басқарма төрағасы-ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО 9000-2017	Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.
ҚР СТ ИСО 9001-2016 ҚР БжҒМ № 539, 24.12. 2020ж бұйрығы СМЖ ОҚМПУ ПР 4.01-2021	Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар. "ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығының жаңа редакциясындағы үлгілік қағидалар" Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған ақпаратты басқару.

3 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9000:2016 анықталған терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

4 Белгілер мен қысқартулар

Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар пайдаланылған:

- КЕАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғам;
- ОҚМПУ - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті;
- ҒжБМ – ғылым және білім министрлігі;
- ІСҚЖ- ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;
- СҚК - сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- Е – ереже;
- СБӨ – Сапа бойынша басшылықтың өкілі;
- ОПҚ – профессор-оқытушылар құрамы;
- СЖМжМБ – стратегиялық жоспарлау, менеджменті және мониторинг бөлімі;
- АМжБ – академиялық мәселелер жөніндегі басқарма.
- ЭКП – элективтік каталог пәні;
- НҚ – нормативтік құжат.

5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Ережені ОҚМПУ Басқарма төрағасы-ректор бекітеді.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже		9 беттің 4-беті
---	---	--	--

5.2 Осы Ережеде көрсетілген талаптардың енгізілуіне және басқаруды сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (СБӨ) жауапты болады.

5.3 СҚК туралы Ереже талаптарының заңнамалық талаптарға сәйкестігі үшін әзірлеуші жауапты болады.

5.4 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жетекшісі СБӨ болып табылады.

5.5 Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі процесінің нақты кезеңдерін орындауға және түпкілікті нәтижелердің сапасына нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын СҚК мүшелері мен факультеттердің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағалары да жауапты болады.

5.6 Ережеге өзгерістерді СЖМЖМБ басшысы «Өзгерістерді тіркеу парағына» белгі түсіре отырып енгізеді (**Қосымша А**).

6 Процестің сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелер

Университет деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия:

6.1.1 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия - білім беру процесін ұйымдастыру мен іске асырудың сапасын жедел қамтамасыз ету және реттеу мақсатында ректорат пен факультет деңгейінде құрылатын және жұмыс істейтін алқалы орган.

6.1.2 Ректорат деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамы Басқарма Төрағасы –ректордың бұйрығымен тағайындалады және қажеттілігіне қарай өзгертіледі. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына факультеттердің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының төрағалары, оқытушылар, әкімшілік-басқару персоналының өкілдері кіреді. Барлық деңгейдегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерінің құрамына міндетті түрде білім берудің барлық деңгейлеріндегі әртүрлі бағыттағы білім алушылар кіреді.

6.1.3 Ректорат деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның төрағасы академиялық мәселелер жөніндегі проректор болып табылады, төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

6.1.4 Ректорат деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырыстары үш айда 1 рет өткізіледі.

6.1.5 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысы дауыс беру құқығы бар мүшелер санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

6.1.6 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның шешімін ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

6.1.7 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның төрағасы:

- сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жұмысын басқарады, жүктелген міндеттерді орындауға жауапты;

- сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;

- отырыстың күн тәртібін бекітеді және қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыстарды шақырады;

- сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның қорытындыларына қол қояды.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ Сапа менеджменті жүйесі	
	Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже	9 беттің 5-беті

6.1.8 Ректорат деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жұмысы бойынша ұйымдастыру мәселелері сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның хатшысына жүктелген, оның қарауына мыналар кіреді:

- сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамы туралы бұйрықты дайындау;

- тексеру жоспарына, өткізу мерзіміне, қорытынды есепті ұсыну күніне сәйкес тексеру жөніндегі комиссия құрамы туралы проректордың өкімін дайындау;

- оқу жылына арналған сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырыстарының жоспарын құру (А қосымшасы).

6.1.9 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысының шешімдері хаттамалық қорытынды түрінде ресімделеді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның атқарылған жұмыстар туралы есеп жылына бір рет Басқарма төрағасы - ректордың атына талдамалық жазба түрінде шығарылады.

6.1.10 Ректорат деңгейіндегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның негізгі қызметі:

- білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылу шарттары бойынша шешімдер қабылдайды; ,

- білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасын тексеру жөніндегі комиссия төрағаларының есептерін тыңдайды;

- білім алушылардың білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/Модульдер сапасының сәйкестігі мәніне сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша шешімдер қабылдайды;

- ЖОО ОПҚ пәндерді оқыту сапасын бағалау бойынша шешімдер қабылдайды.

6.2 Факультет деңгейінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия:

6.2.1 Факультеттерде білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің өзге де академиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия факультет декандарының ұсынысы бойынша академиялық мәселелер жөніндегі проректордың өкімімен құрылады.

6.2.2 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және ЖОО-ның басқа академиялық қызметкерлері кіреді.

6.2.3 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысы үш ай сайын өткізіледі. Комиссия отырысына университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері қатысады.

6.2.4 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия қызметінің негізгі бағыттары:

1. Білім беру саласындағы заңнаманың, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың нысаналы бағдарламаларының, Стратегиялық жоспардың және Университеттің жұмыс жоспарының орындалуын бақылау;

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже	9 беттің 6-беті

2. Білім алушылардың, ОПК, жұмыс берушілердің мүдделерін және әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша ұсынымдар қалыптастыру.

3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның өз қызметін Университеттің басқа алқалы органдарымен, комиссияларымен және кеңестерімен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

6.2.5 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның негізгі қызметтері:

- білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің өзге де академиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуін қарау;

- факультет оқытушыларының сабақтарына оқытудың интерактивті және инновациялық әдістерін (сыни ойлау элементтерімен) қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар беру мақсатында қатысу;

- факультет оқытушыларының монографияларын, оқулықтарын, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын және басқа да ғылыми-әдістемелік әзірлемелерін басып шығаруға рецензиялау және ұсыныстар беру;

- факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің ұсынысына байланысты оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ағымдағы сипатты мәселелерді қарау;

- кафедралардың элективті (бәсекеге қабілетті) пәндері бойынша әзірлеген презентациялары мен оқу-әдістемелік кешендерін қарау;

- факультет студенттерінің үлгерімін талдау және оқу процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды қарау;

- декандардың, кафедра меңгерушілерінің, эдвайзерлердің ұсынысы бойынша оқытушылардың, студенттердің және ата-аналардың өтініштеріне қатысты ағымдағы сипаттағы мәселелерді қарау;

- факультетке Әдеп кодексін енгізу; іскерлік және корпоративтік этика бойынша оқыту жүйесін ұйымдастыру, ішкі талқылаулар, кеңестер мен конференциялар өткізу;

- факультеттегі корпоративтік этика мен іскерлік мәдениеттің жағдайын жүйелі түрде зерттеу және бақылау;

- ішкі және сыртқы қақтығыстармен байланысты жанжалды жағдаятарды қарау;

- факультеттің беделін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға және іскерлік пен білім беру мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне қатысты сыртқы іс-шараларға қатысу;

- факультеттің қарауына шығару үшін Этика Кеңесі мәселелері бойынша материалдар дайындау;

- академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуын анықтау мақсатында білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыру және нәтижесі бойынша шешімдер қабылдау.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже	9 беттің 7-беті

6.2.6 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелері:

- өз құзыреті шегінде барлық бөлімшелермен және лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;
- басқарма төрағасы-университет ректорының келісімі бойынша аудиторлық және сараптамалық топтардың қызметіне және университетте аккредиттеу рәсімдерін өткізуге дайындалу үшін тартылуы мүмкін;
- білім беру процесінің сапасын жетілдіру, сондай-ақ білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізу мәселелерінде педагог қызметкерлерге көмек көрсету.

6.2.7 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде:

- университеттің ақпараты мен құжаттамасының құпиялылығын сақтау;
- СҚК дұрыс ақпарат пен құжаттама ұсыну;
- осы Ережеде көзделген міндеттер мен міндеттемелерді сапалы және уақтылы орындау.

 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY	«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КЕАҚ Сапа менеджменті жүйесі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже		9 беттің 8-беті
---	--	--	-----------------

А қосымшасы

(міндетті)

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырыстар жоспарының үлгісі

УТВЕРЖДАЮ

Басқарма төрағасы - ректор

_____ Г.Д.Сугирбаева

" ____ " _____ 20 __ г.

20 __ -20 __ оқу жылының ОҚМПУ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырыстарының жоспары (факультет)

№ пп	Жұмыс атауы	Мерзі мі	Орындаушы	Шығыс құжаты	Орындау туралы белгі
1	2	3	4	5	

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында қаралды (хаттама № __ , _____ 20 __ г)

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі

комиссияның төрағасы _____ « ____ » _____ 20 __ ж.

